

№ 79 негізгі мектебінде 2024-2025 оқу жылынындағы
4 сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмыстардың есебі

№ 79 негізгі мектебі КММ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруда жыл басында жылдық жұмыс жоспары жасалынып, тиісті іс-шаралар жүзеге асырылып келеді.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриатизм, парасатылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойындағы құндылықтарды дамыту, білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде жағдайды жүйелі ұйымдастыру.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Қазан- тәуелділік және отаншылдық айы

Қараша-әділдік және жауапкершілік айы

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

Қаңтар- заң және тәртіп айы

Ақпан- жасампаздық және жаңашылдық айы

Наурыз- тәуелсіздік және отаншылдық айы

Сәуір- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Мамыр- бірлік және ынтымақ айы

Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысында басшылыққа алатын нормативті құжаттар

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
 - 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
 - 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
 - 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8тамыздағы Заңы;
 - 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
 - 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018жылғы 02шілдедегі № 169-VI Заңы;
 - 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007жылғы 27 шілдедегі Заңы;
 - 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
 - 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
 - 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018жылғы 1қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
 - 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы
- Биылғы жылдың ерекшелігі 2023-2024оқу жылында тәрбие жоспары үш құндылыққа негізделіп жасалды. Атап айтатын болсақ, «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап». Аты аталған құндылықтың мақсат міндеттері мен күтілетін нәтижелері нақтыланған.
- 2024-2025оқу жылында 4 сынып оқушыларымен «Біртұтас тәрбие» аясында жылдық жұмыс

жоспарлары жасалды. Сол жоспар аясында ауқымды іс-шаралар жалғасын тауып келеді. Жалпы сыныпқа тоқталатын болсам, 4 -сыныпта барлығы – 13 оқушы бар. Оның қызы-8, ұлы-5 Білім мен тәрбие егіз. Оқу мен тәрбие үдерісінде ұштастыра жүргізгенде ғана нәтижелі болмақ. Сол себепті де жас ұрпаққа білім мен тәрбиенің сапалы берілуіне айырықша мән берген жөн. Оқушылардың оқу үлгірімдері, тәртіп және тазалықтары өте жақсы. Сабаққа қызығушылықтары басым. Күнделікті әр баламен жұмыс жасалып, сабақтан қалмауы, кешікпеуі қадағаланып отырылады. Ата-аналармен тығыз байланыста болып, баланың бос уақытында немен айналысатынын, тәртібі жайлы пікірлесіп отырылады. Жыл басында оқушыларға «Біртұтас тәрбие» жобасы бойынша жоспар таныстырылып, әр айдағы жүргізілетін іс-шаралар туралы түсінік берілді. Атап айтқанда, жыл көлемінде «Менің Қазақстаным» - оқу аптасының басында бірінші сабақта оқушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындап келеді. Оқушылар дүйсенбі күні 7:45те Әнұранды орындауға қатысады. Сонымен қатар, «Апта дәйексөздері»- мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері сынып тақталарында орналастырылады. «Қауіпсіздік сабағы»-жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігін зерделеу, қауіпсіз мінез-құлық, сынып сағатының 10 минутында ақпарат беру. Әр аптаның тәрбие сағатының 10 минуты оқушылармен қауіпсіздік сабағы өткізіліп келеді. Оқушыларға әртүрлі тақырыптарда қауіпсіздік сабағы өткізіліп, пікірлесіп, ойларын ашық айтуға мүмкіндік жасалып, қосымша жұмыстар жүргізіледі. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»- үзіліс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында ұлттық ойындар ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, асық ойнау, бес тас, тоғызқұмалақ, т.б.

«Өнегелі-15 минут»- ата-аналар баласымен адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында жеке пікірлесулер болып келеді. Атап айтсақ, жыл басынан бері 4 сыныпта Болатбек Інжу ата-әжесі Мұханжаров Болат мен Қуатбаева Орынкүл отбасылық пікірлесу өткізілді. Әңгімелесу бараысында ата- әжесінің еңбекқорлығы, немерелеріне деген сүйіспеншіліктері, еңбекке баулу, шыдамдылық, отбасылық бақыт не екенін ұғындырған, Одан кейін 4 сынып оқушысы Әбілтай Аянаттың ата –анасы Бадырақов Төрехан мен Ахметжанова Ақтолықынның өнегелі отбасылық өмірі, өз ұрпағына беріп жатқан тәлім тәрбиесі, еңбекқорлығы бейнероликке түсіріліп, сұхбат алынды. Сынып сағаттары барысында «Үнемді тұтыну»-суды, тамақты, энергияны, табиғи ресурстарды ұқыпты қарауға кеңес беріліп келеді. Мектебімізде қыркүйек айынан бастап «Күй күмбірі» қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзілісте кезінде күй тыңдау қалыптасқан. Оқушылар күйді тыңдап қана қоймайды, ол күйдің шығу тегін, тарихымен танысады. Оқушыларға ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында барынша жұмыстар жасалынып келеді. Әр аптаның дүйсенбі күні тәрбие сағаттары уақытылы өткізіліп келеді.

1. 02.09.2024ж. 1 апта. Дәйексөз: «Білім-қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» М.Әлімбаев

1 қыркүйек. Білімі күні «Менің Отаным -Қазақстан»

Қауіпсіздік сабағы: Шұғыл қызмет нөмірлері

Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылданғанына 30 жыл

2. 09.09.2024ж. 2 апта. Дәйексөз: «Жанұям-қорғаным, ата-анам-тірегім»

«Мен және менің отбасым»

Қауіпсіздік сабағы. «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу»

3. 16.09.2024ж. 3 апта. Дәйексөз: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға»

Тәрбие сағаты: «Бәрі де, Ана бір өзіңнен басталады»

Қауіпсіздік сабағы. «Құпиясөз-сіздің отбасылық пароліңіз»

4. 23.09.2024ж. 4 апта. «Еңбек-жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» Абай

Тәрбие сағаты: «Еңбек түбі-береке»

Қауіпсіздік сабағы. «Көшеде қаңғыбас итті кездестіру»

Ақын Т. Молдағалиев туғанына-90 жыл

5. 30.09.2024ж. 1 апта. Дәйексөз: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің-Отан атың!»

Тәрбие сағаты: Табиғатты қорғау-біздің міндетіміз!

Қауіпсіздік сабағы. «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге бола ма?»

6. 07.10.2024ж. 2 апта. Дәйексөз. «Туған жердей-жер болмас, туған елдей ел болмас»

Тәрбие сағаты: «Даналық ұстаздан»

Қауіпсіздік сабағы: Ғаламтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер

7. 14.10.2024ж. 3 апта. Дәйексөз. «Отанды сүю-отбасынан басталады»

Тәрбие сағаты: «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»

Қауіпсіздік сабағы: Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі

8.21.10.2024ж. 4 апта. Дәйексөз. «Отаным-алтын бесігім»

Тәрбие сағаты: «Республикам-мақтанышым!»

Қауіпсіздік сабағы: «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»

9. 04.11.2024ж. 1апта. Дәйексөз. «Әділдік пен жауапкершілік-біртұтас ұғым»

Тәрбие сағаты: «Оян, ар мен адалдық!»

Қауіпсіздік сабағы. «Үйдегі ойындар. Қауіпсіздік шараларын сақтаймыз!»

10. 11.11.2024ж. 2 апта. Дәйексөз. «Тұра биде туған жоқ»

Тәрбие сағаты: «Ұлттық валюта-теңге күні»

Қауіпсіздік сабағы: «Көшедегі қауіпсіз ойындар»

11. 18.11.2024ж. 3апта. Дәйексөз. «Жауапкершілік-адамгершілік пен қасиеттің көрінісі»

Тәрбие сағаты: «Буллингтен қорған!»

Қауіпсіздік сабағы: «Шұғыл қызмет нөмірлері»

12. 25.11.2024ж. 4 апта. Дәйексөз. «Әділетте берік болсаң, аяғың таймайды»

Тәрбие сағаты: «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі»

Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше жаңдай туындаған кезде жедел жәрдем қызметтеріне қоңырау шалу скриптері»

13. 02.12.2024ж 1 апта. Дәйексөз. «Бірлігі күшті-ел озады»

Тәрбие сағаты: «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»

Қауіпсіздік сабағы. «Құпиясөз-сіздің отбасылық пароліңіз»

14. 09.12.2024ж. 2 апта. Дәйексөз. «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»

Тәрбие сағаты: «Көшеде қаңғыбас итті кездестіру»

15. 17.12.2024ж 3 апта Дәйексөз. «Бірлік болмай, тірлік болмас»

Тәрбие сағаты: «Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым!»

Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге болама?»

16. 23.12.2024ж 4 апта. «Ынтымақ- бұзылмайтын қорған»

Тәрбие сағаты: «Бірлік және ынтымақ құндылығы»

Қауіпсіздік сабағы: Ғаламтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер

Жоғарыда аталған тақырыптарда 4 сыныпта тәрбие сағаттары әр аптаның дүйсенбі өткізілді. Әр тәрбие сағатында оқушылар жан-жақты дайындықпен келді. Тәрбие сағаты барысында оқушылардан сауалнамалар, сұрақ-жауаптар алынып, өз ойларын ортаға салып, қосымша тапсырмалар беіріліп отырылды. Сонымен қатар, әр мерекелерде сыныптан тыс жұмыстар өткізілді. Атап айтсақ, төмендегідей

08.09. 2024 жылы «Отбасым-Отаным » атты ашық тәрбие сағаты болып өтті.

Мақсат: Оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шындай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу. Оқушылардың естесактау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу. Тәрбие сағатына ата -аналар шақырылды. Тәрбие сағаты өтілу барысы пікрлесіп, балалар сұрақ қойып, тиісті жауаптар айтылды. «Ата мен әже» атты көрініс, биі биленіп, ән айтылып , сұрақ - жауап алынды. «Отбасым-Отаным » тақырыбында ашық тәрбие сағаты талданып, өте жақсы деп бағаланды.

03.10.2024ж күні «Ұстазыма мың алғыс!»-атты мерекелік жиын өткізілді. Мақсаты: Ұстаз деген ұлы ұғым, ұстазды сыйлап, қадірлей білуге, әр баланың өз ұстазына деген сүйіспеншілігін арттыру. Мерекелік жиынға оқушылар ұстаздарға арнап арнаулар, тақпақтар, жылы лебіздерін білдіріп, құттықтаулар мен ән шашуларын тарту етті.



20. 11. 2024жылы «Кітап оқып, рухани бай бол!» атты ашық тәрбие сағаты болып өтті. Мақсаты: Кітап сарқылмас рухани қазына дегендей, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітапты күтіп ұстауға үйрету. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Тәрбие сағаты барысында бейнеролик көрсетіліп, оқушыларға бірнеше сұрақ қойылды. «Науқас кітап», «Кітап емханасы» атты көрініс көрсетілді. Кітап туралы тақпақтар айтылып, ән, би биленді. Ашық тәрбие сағаты өте жақсы деп бағаланды.



12.12.2024ж күні «Отбасым-бақыт мекенім»-атты ата-аналармен кездесулер өткізілді. Мақсаты: Әр баланың өз отбасына деген сүйіспеншілігін арттыру. Отбасының сыйластығын, татулығы, бір-біріне деген қамқорлығын сезіне білу. Іс-шара барысында ата-аналар 5 кезеңнен тұратын тапсырмаларға жауап берді. Атап айтсақ, «Бес қадам»»дісі арқылы баланың жақсы қасиеттерін тоқталу, диагностикалық карта, логикалық сұрақтар беріле отырып, жұптық және топтық жұмыстар жасалып, бала тәрбиесіне қатысты сұрақтарға өз ойларын білдіре отырып, «Байлығым-балаларым»-атты әнмен ұштастырды.



25 қазан Республика күніне орай «Республикам-мақатанышым!»-тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.



12.11.2024ж күні 4 сынып оқушыларының ата-аналары арасында «Салт-дәстүрді білесің бе?» тақырыбында салт дәстүрден көрініс көрсетілді. Мақсаты: оқушылардың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін паш ету, оны ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдыру.

Салт-дәстүрді орындауға белсенді ата-аналар Н. Көшпан, Т. Ахметжанова, О. Қуатбаева, Б. Сембекова қазақтың салт дәстүрлерінің бірі «Тұсаукесер» рәсімін орындады. Ауылымыздың

кішкентай бүлдірішінің Талғатұлы Алдиярдың тұсауын ауылымыздың ардақты әжесі Орынкүл әжеміз кесті. Тұсау кесер алдында рәсімнің қалай орындалатынына тоқталып, ұсынылатын кәделер мен сыйлар, ала жіппен кесілу себептерін ұғындырды. Тұсау кесілген балаға бата берілді.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптар аралығында «Алтын күз» мерекесі аталып өткізілді. Оқушылар өз қолдарынан шыққан қолөнер бұйымдарын паш етті. Әр сынып 4 кезеңнен тұратын тапсырмаларға жауап бере отырып, күз мезгілінің ерекшеліктерін көрсетті.



Сыныпта озық ойлы оқушылар өте көп. Тәрбие саласында ақын жазушылардың «Абай оқулары», «Мұқағали оқулары» байқауында бейнероликтер түсіріп, жүлделі орын алған оқушыларда аз емес. Атап айтсақ, Келдібай Нұрсезім, Ергазы Құралай, Ерболатұлы Оразәлі, Әбілтай Аянат көптеген жетістіктерге жетіп келеді.



24.10.2024ж күні «Республикам-мақатанышым!»-тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Жас ұрпақты білімділікке, құштарлыққа, өз Отанына деген құрметпен қарауға тәрбиелеу. Тәрбие сағаты барысында оқушылардан Отан туралы білімдерін еске түсіре отырып, бейнероликтер көрсетіп, суреттермен жұмыстар жасалды. Оқушылар Отан туралы, мақал-мәтелдер, тақпақтар айтып, әсерлі пікірлесулер болды.



Оқушылар барлық өтілген тәрбие сағаттарына белсенділік танытты. Оқушылар кітапханамен тығыз байланыста. Көркем әдеби кітаптар мен ертегілер оқуда, әр түрлі ақын жазушылардың шығармаларын жаттауда өте белсенділік танытып келеді. Ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында ата-аналармен әр түрлі салт-дәстүрлер орындалады.



«Біртұтас тәрбие» аясында 2024-2025 оқу жылының 1 жартыжылдығында көптеген ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында іс-шаралар жалғасын тапты. Апта дәйексөздері оның мағынасымен жұмыс жасалды.

2024-2025 оқу жылының 3 тоқсанында Біртұтас тәрбие аясында тәрбиелік іс-шаралар жалғасын тапты. Әр аптаның дүйсенбі күні оқушылармен жоспар бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілді.

- 17.01.2025ж. «Мен адалдықты жақсы көремін»
- 20.01.2025ж «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»
- 27.01.2025ж «Менің ертеңім»
- 03.02.2025ж «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»
- 10.02.2025ж «Әр бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет»
- 17.02.2025. «Ой мен ойын»
- 24.02.2025ж «Тәртіп-тәрбие бастауы»
- 03.03.2025ж «Алғыс-ізгі ниет»
- 10.03.2025ж «Ананың аялы алақаны»
- 17.03.2025ж «Наурыз-жыл басы»
- 01.04.2025ж «Кітап-сарқылмас бұлақ»
- 07.04.2025ж «Өмірге салауатты қадам»
- 14.04.2025ж «Буллингтен қорған»
- 21.04.2025ж «Атадан-өсиет, анадан-қасиет»
- 28.04.2025ж «Біз әртүрліміз, бір теңбіз»
- 05.05.2025ж «Буллингтен қорған»
- 12.05.2025ж «Отбасы құндылығы-отбасы жылуы»
- 19.05.2025ж «Білімім Отаныма»

Жоғарыда аталған тәрбие сағаттары әр аптаның дүйсенбі күні жүргізіліп отырылды. Балалар тәрбие сағаты барысында көптеген пікірлесу, кездесу кештерін, сынып сағаттарын өсымша тапсырмалармен жұмыс жасады. Оқушылар үнемі мектеп кітапханасымен тығыз байланыста болады. Мақал-мәтелдер, ертегілерге деген қызығушылықтары басым. Ата-аналармен ашық есік күні кездесулер, 8 наурызда кездесу кештері өткізілді. Тәрбие сағатының барысында 10 минут қауіпсіздік сағаты өткізіліп тұрады. Оқушылармен өмір қауіпсіздігі жайлы көп пікірлесулер болып тұрады. 21 мамыр күні «Сарқылмас қазынаның бұлағысың, басымды иемін бастауышым!»-атты бастауышпен қоштасу кеші өткізілді. Оқушылар ата-аналары мен ұстаздарына бастауышты сыныпта берген ұстаздарына алғыстарын жаудыртты.



2024-2025 оқу жылы қорытындысы бойынша 4 сынып «Үздік сынып-2025» атанды. Оқушылар өте белсенді. Оқушыларға сәттілік тілеймін!

***№79 негізгі мектебінің 2024-2025 оқу жылында
4 сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие
жұмыстарының есебі***

Сынып жетекшісі: С. Өтепова

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

- Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиел

- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

- ✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

- ✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

- ✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген

немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының

құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• «**Апта дәйексөздері**» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• «**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

• «**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• «**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• «**Үнемді тұтыну**» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

• «**Күй күмбірі**» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

--

4- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары				
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
I тоқсан 1-апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев) 02-06.09.2024ж.				
№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	1 қыркүйек -Білім күні. «Менің Отаным-Қазақстан!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 1-САБАҚ: <i>4-сынып: :«Шұғыл қызмет нөмірлері»</i> Қазақстан Республикасының <i>Конституциясының қабылдағанына 30жыл</i> <i>(1995)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі С. Өтепова	02.09.2024ж.
2-апта дәйексөзі: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!» 09-13.09.2024ж.				
2.	«Жүргіншілер қауіпсіздігі» ЖЖЕ №1 / «Мен және менің отбасым» (видеоролик жасау) <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 2-САБАҚ: <i>4- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»</i> <i>Балалар жазушысы Б. Соқпақбаевтың туғанына 100жыл.</i>	Сынып сағаты Видеоролик Пікірлесу	Сынып жетекшісі С. Өтепова	09.09.2024ж.
3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай) 16-20.09.2024ж.				
3	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 3-САБАҚ <i>4- сыныптар: «Құпия сөз – сіздің отбасылық</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі С. Өтепова	16.09.2024ж.

	пароліңіз»			
4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы».(Абай) <u>23-27.09.24ж.</u>				
4	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Еңбек түбі береке» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 4-САБАҚ <i>4- сыныптар:</i> «Көшеде қаңғыбас итті кездестіру» <i>Ақын Т. Молдағалиев туғанына 90жыл</i>	Сынып сағаты Пікірлесу	Сынып жетекшісі	23.09.2024ж.
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні				
1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» <u>30.09-04.10.24ж.</u>				
5	«Қамқор» жобасы «Табиғатты қорғау -біздің міндетіміз» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 5-САБАҚ <i>4-сыныптар:</i> «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге болама»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі С. Өтепова	30.09.2024ж.
2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» <u>07-11.10.24ж.</u>				
6	«Жол қозғалысы ережелері білімін тексеру».ЖЖЕ №2 /«Даналық ұстаздан» челленджі <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 6-САБАҚ <i>4- сыныпта:</i> «Ғаламтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»	Сынып сағаты Челлендж	Сынып жетекшісі	07.10.2024ж.
3-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!» <u>14-18.10.24ж.</u>				
7	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 7-САБАҚ <i>4 -сыныптар:</i> «Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	14.10.2024ж.

4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім!»

21-24.10.24ж.

8	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Республикама – мақтанышым!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №8-САБАҚ <i>4- сыныптар: «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	21.10.2024ж.
----------	--	--------------	-----------------	---------------------

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

II тоқсан

1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»

04-08.11.24ж.

9	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Оян, ар мен адалдық!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 9-САБАҚ <i>4- сыныптар: «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»</i> Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100жыл	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.11.2024ж.
----------	---	--------------	-----------------	---------------------

2-апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!»

11-15.11.24ж.

10	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық валюта-теңге» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 10-САБАҚ <i>4- сыныптар: «Көшедегі қауіпсіз ойындар</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.11.2024ж.
-----------	--	--------------	-----------------	---------------------

3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»

18-22.11.24ж.

11	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 11-САБАҚ <i>4-сыныптар: :«Шұғыл қызмет нөмірлері»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.11.2024ж.
-----------	--	--------------	-----------------	---------------------

4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»

25-29.11.24ж.

12	«Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 12-САБАҚ 4- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	25.11.2024ж.
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады» 02-06.12.24ж.				
13	«Қамқор» жобасы «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы/ «ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері» ЖЖЕН№3 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 13-САБАҚ 4- сыныптар: «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз»	Сынып сағаты Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшісі	02.12.2024ж.
2-апта дәйексөзі: « Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» 09-13.12.24ж.				
14	«Буллингтен қорған!» / <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 14-САБАҚ 4- сыныптар: «Көшеде қаңғыбас итті кездестіру»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.12.2024ж.
3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас» 16-20.12.24ж.				
15	«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 15-САБАҚ 4-сыныптар: «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге болама»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.12.2024ж.
4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған» 23-27.12.24ж.				
16	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.12.2024ж.

	«Жаңа жылдық тарту» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 16-САБАҚ <i>4- сыныпта: «Ғаламтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»</i>			
III тоқсан Қаңтар – заң және тәртіп айы 1 қаңтар – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде, тәртіп бар» <u>13-17.01.25ж.</u>				
17	«Мен адалдықты жақсы көремін!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 17-САБАҚ <i>4 -сыныптар: «Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі»</i>	Сынып сағаты (адалдық сағаты)	Сынып жетекшісі	13.01.2025ж.
3-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы» <u>20-24.01.25ж.</u>				
18	«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 18-САБАҚ <i>4- сыныптар: «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»</i> <i>Б. Майлиннің туғанына 130 жыл</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.01.2025ж.
4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол» <u>27-31.01.25ж.</u>				
19	«Менің ертеңім...» № 19-САБАҚ <i>4- сыныптар: «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.01.2025ж.
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге» <u>03-07.02.25ж.</u>				
20	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.02.2025ж.

	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 20-САБАҚ <i>4-сыныптар: «Көшедегі қауіпсіз ойындар»</i>			
2-апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала – ойлы бала» 10-14.02.25ж.				
21	«Шабыт» жобасы «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 21-САБАҚ: <i>4-сыныптар: :«Шұғыл қызмет нөмірлері»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.02.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Өнерлі бала - өрге жүзер» 17-21.02.25ж.				
22	«Ой мен ойын». <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 22-САБАҚ <i>4- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.02.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – заман талабы» 24-28.02.25ж.				
23	«Тәртіп-тәрбие бастауы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 23-САБАҚ <i>4- сыныптар: «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.02.2025ж.
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...»(Б.Момышұлы) 03-07.03.25ж.				
24	«Алғыс – ізгі ниет» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №24-САБАҚ <i>4- сыныптар: «Көшеде қаңғыбас итті кездестіру»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.03.2025ж.

2-апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» 10-14.03.25ж.				
25	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Ананың аялы алақаны» челленджі / «Теміржол өтпелері» ЖЖЕН № 4 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 25-САБАҚ 4-сыныптар: «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге болама» С. Сейфуллиннің туғанына 130жыл	Сынып сағаты челленджі	Сынып жетекшісі	10.03.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» 17-21.03.25ж.				
26	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 26-САБАҚ 4- сыныпта: «Ғаламтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.03.2025ж.
IV тоқсан Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» 01-04.04.25ж.				
27	«Кітап -сарқылмас бұлақ» / «ЖКО-да зардап шеккен балалар жарақаттарының негізгі түрлері мен себептері» ЖЖЕ №5 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27-САБАҚ 4 -сыныптар: «Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	01.04.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай)				

07-11.04.25ж.				
28	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні «Өмірге салауатты қадам» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 28-САБАҚ <i>4- сыныптар:</i> «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	07.04.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи) 14-18.04.25ж.				
29	«Буллингтен қорған!» / «Қан аққан кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану» ЖЖЕ№6 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №29-САБАҚ <i>4 сыныптар:</i> «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	14.04.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» 21-25.04.25ж.				
30	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сабақ № 30-САБАҚ <i>4 сыныптар:</i> «Көшедегі қауіпсіз ойындар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	21.04.2025ж.
5-апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» 28.04-02.05.2025ж.				
31	Біз әртүрліміз, бір теңбіз» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 31-САБАҚ: <i>4-сыныптар:</i> :«Шұғыл қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	28.04.2025ж
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ» 05-09.05.25ж.				

32	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 32-САБАҚ <i>4- сыныптар:</i> «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» Тұрар Рысқұловтың туғанына 130жыл	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	05.05.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ» 12-16.05.25ж.				
33	«Отбасы құндылығы-отбасы жылуы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 33-САБАҚ <i>4- сыныптар:</i> «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.05.2025ж.
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би) 19-23.05.25ж.				
34	«Білімім – Отаныма!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 34-САБАҚ <i>4- сыныптар:</i> «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.05.2025ж.

Сынып жетекшісі:

С. М. Өтепова